**Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 284-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 21 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3908. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 227-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 26.07.2013 № 227-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілері:

1) табиғи монополиялар салаларында қызметтерді бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісуге Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесін 2006 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде әзірлесін және ұсынсын;

2) 2007 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде 2007 жылдың бірінші жарты жылдығы үшін қызметтердің түрлері бойынша есептілікті табиғи монополиялар салаларында қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Труба құбырлары және су кәріздері жүйелері саласындағы реттеу мен бақылау

департаменті (А.Г.Асқарова):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) ұсынылған Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесін белгіленген тәртіппен келісуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оның белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Келісілген:

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрі
2005 жылғы 30 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2005 жылғы 29 қыркүйектегі
N 284-НҚ бұйрығымен бекітілген

## Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер

**көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 455 қаулысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

2. Ереже қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін түрлері бойынша табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер есебінің, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметаларды әзірлеудің және тарифтерді есептеудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі - субъектілер немесе мұнай тасымалдаушы ұйымдар) бөлектеп есепке алуды жүргізу мен жүзеге асыру тәртібінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

3. Бөлектеп есепке алу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша жеке табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы ақпарат жинау мен қорыту жүйесін, сондай-ақ мұнай тасымалдаушы ұйымдардың осындай ақпараттың негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша табыстар, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы есептерді кезеңмен жасауын және оларды уәкілетті органға ұсынуын білдіреді.

4. Бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттары:

1) табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде тиісті қызметтерге тікелей жатқызуға мүмкіндік болған кезде тікелей жатқызу басымдығы;

2) олар байланысқан сол бір қызметтермен табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің себеп-салдар байланыстарының негізінде тиісті қызметтерге табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді

бөлу;

3) табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін тиісті түрлеріне жатқызу және бөлу кезіндегі ашықтық;

4) ұсынылған ақпараттың пайдасы мен оны алуға жұмсалған шығындар арасындағы теңгерім;

5) есептіліктің негізгі мақсатын орындауға арналған сапалық сипаттамалар арасындағы теңгерім.

5. Мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлектеп есепке алуды жүргізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді осы Ереженің ережелеріне сәйкес бөлуін қамтамасыз етуге тиіс.

6. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бөлу базасы - шығындар, қолданысқа енгізілген активтер, негізгі құралдар топтары мен қызметтер арасындағы тәуелділікті көрсететін көрсеткіш;

2) сыртқы қызметтер - сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын мұнай тасымалдаушы ұйымдардың қызметтері, оның ішінде реттелмейтін қызметтер;

3) ішкі қызметтер - мұнай тасымалдаушы ұйым қызметінің бір бағыттарымен өндірілетін және осы ұйым қызметінің басқа бағыттарымен одан әрі сыртқы қызметтер көрсету мақсатында тұтынатын қызметтер;

4) мұнай тасымалдаушы ұйым - меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық мұнай құбырларына, олардағы құрылыстарға ие, осы мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау жөнінде қызметтің осы түріне қолында бар лицензия негізінде қызметтер көрсетуші ұйым;

5) қолданысқа енгізілген активтер - негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қамтитын белгілі бір қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мұнай тасымалдаушы ұйымның активтері;

6) қызметтерге жанама шығындар - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдар байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын шығындар, бірақ бөлудің белгілі бір базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

7) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама шығындар - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдар байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке не қызмет бағыттарының элементіне тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын шығындар, бірақ бөлудің белгілі бір базасының негізінде қызмет бағыттарының элементтеріне бөлінуі мүмкін;

8) қызметтер көрсету кезіндегі жанама қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдар

байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын қолданысқа енгізілген активтер, бірақ қызметтерге бөлудің белгілі бір базасының негізінде бөлінуі мүмкін;

9) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама қолданысқа енгізілген активтер - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдар байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке немесе қызмет бағыттарының элементіне тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын қолданысқа енгізілген активтер, бірақ қызмет бағыттарының элементтеріне бөлудің белгілі бір базасының негізінде бөлінуі мүмкін;

10) қызмет бағыттары - қызметтер көрсетуге дербес те, бір-бірімен өзара іс-қимылмен де қатысатын қызметтер өндірудің белгілі бір процестерінің жиынтығы;

11) қызметтердің реттеліп көрсетілмейтін түрлері - мұнай тасымалдаушы ұйымның табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттелмейтін қызметтерінің түрлері;

12) қызмет көрсететін процестер - нәтижесі өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын қызметтер өндіру процестері;

13) жалпы шығындар - барлық қызметтерді ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да белгілі себеп-салдар байланысы жоқ шығындар, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінеді;

14) жалпы қолданысқа енгізілген активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір себеп-салдар байланысы жоқ қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінеді;

15) қызметтер өндіру процестері - мұнай тасымалдаушы ұйымның қызметінде оның ресурстарын пайдалана отырып, қызметтер көрсету түпкі мақсатымен белгілі бір іс-әрекеттердің бірізділігі.

Қызметтер өндіру процестері мынадай топтарға бөлінеді: өндірістік процестер, қызмет көрсететін процестер, менеджмент процестері;

16) өндірістік процестер - қызметтерді өндіруге және көрсетуге тікелей бағытталған процестер;

17) менеджмент процестері - кәсіпорынның қызметін талдауды, бүкіл кәсіпорын қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруді қамтитын қызметтерді өндіру процестері;

18) қызметтерге арналған тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар шығындар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей жатқызылуы мүмкін;

19) қызмет бағыттарының элементтеріне арналған тікелей шығындар - қызмет бағыттарының белгілі бір элементімен тікелей байланысы бар шығындар, сондықтан да қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей жатқызылуы мүмкін;

20) қызметтер көрсету кезіндегі тікелей қолданысқа енгізілген активтер - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей жатқызылуы мүмкін;

21) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей қолданысқа енгізілген активтер - қызмет бағыттарының белгілі бір элементімен тікелей байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан да қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей жатқызылуы мүмкін;

22) қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлері - табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес уәкілетті орган реттейтін мұнай тасымалдаушы ұйымы қызметтерінің түрлері;

23) экономикалық ресурстар - өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын, табиғи (шикізаттық, геофизикалық), еңбек (адамдық капитал), капиталдық (физикалық капитал - негізгі құралдар) айналым құралдары ( материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы ресурстары (ақша капиталы) болып бөлінетін көздердің, құралдардың жиынтығы;

24) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдар байланысы жоқ шығындар, сондықтан да осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінеді;

25) бірлескен қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтерді ( қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдар байланысы жоқ қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан осы Ережеде белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінеді;

26) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі қызметтер көлемнің құндық көрінісі;

27) трансферттік таксалар - көрсетілген ішкі қызметтердің бірлігіне шығындардың құндық көрінісі;

28) шартты табыстар - ішкі қызметтер көлемін трансферттік таксаға көбейту жолымен анықталатын көрсетілген ішкі қызметтер құны;

29) экономикалық негізделген шығындар - мұнай тасымалдаушы ұйымның операциялық (қалыпты) қызметін, қолданысқа енгізілген активтерге салынған қолданысқа енгізілген капитал және қолданысқа енгізілген активтерді ұдайы өндіруге амортизациялық аударымдар бойынша өтеуді қамтамасыз етумен байланысты мұнай тасымалдаушы ұйымның шығындары;

30) қызмет бағытының элементтері - қызметтер, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын, кейіннен реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлеріне және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөле отырып, олардың құнын және олармен байланысты шығындарды бағалау және бөлу үшін біріктірілген негізгі құралдар тобы.

7. Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мәндерде қолданылады.

## 2. Бөлектеп есепке алу жүргізілетін қызмет бағыттары

8. Жанама шығындарды және жанама қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлу үшін тасымалдаушы ұйымдардың табыстары, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері қызмет бағыттары бойынша топтастырылады.

9. Қызмет бағыттарының мынадай түрлеріне бөлінеді (осы Ережеге 1-қосымша):

1) мұнай тасымалдау;

2) өзге қызмет.

Қызмет бағыттарының бөлінген түрлері ең азы болып табылады және қажет болған жағдайда кеңейтілуі мүмкін.

## 3. Қызмет бағыттары бойынша табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құрылымы

10. "Мұнай тасымалдау" қызметі бағыты мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету процестеріне байланысты. "Мұнай тасымалдау" қызметінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге "Өзге қызмет" қызметі бағыты үшін көрсетілетін сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі және басқа да қызметтер жатқызылуы мүмкін.

Сыртқы қызметтерге мына қызметтер жатады:

1) мыналарды қамтитын мұнай айдау жөніндегі қызметтер:

мұнай айдау жөніндегі жалпы қызметтер;

тұтқыр мұнайды айдау жөніндегі арнайы қызметтер;

2) мұнайды қабылдау-тапсыру жөніндегі қызметтер;

3) мұнайды тасымалдауға байланысы жоқ мұнай сақтау жөніндегі қызметтер;

4) мұнайдың коммерциялық сапасын көтеру мақсатында араластыру жөніндегі қызметтер.

"Мұнай тасымалдау" қызметі бағытының табыстары ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер түріндегі шартты табыстарды және сыртқы қызметтер көрсетуден алынған табыстарды қамтиды. Сыртқы қызметтер көрсетуден алынған табыстар бастапқы құжаттар деректері бойынша анықталады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтердің көлемдеріне және осы қызметтер бойынша трансферттік таксаларға сүйене отырып анықталады.

"Мұнай тасымалдау" қызметі бағытының шығындары "Мұнай тасымалдау" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, оларды ұстауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығындарды және қызметтің басқа бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қамтиды.

"Мұнай тасымалдау" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтер құрамына магистральдық мұнай құбырлары, катод қорғау станциялары, электр станциялары, қазандықтар, электр беру желілері және "Мұнай тасымалдау" қызметі бағытында қолданысқа енгізілген басқа да активтер кіреді.

11. "Өзге қызмет" қызметінің бағыты сыртқы тұтынушыларға өзге де қызметтерді көрсетуді және өткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестеріне байланысты. "Өзге қызмет" қызмет бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге көрсетілген қызмет бағытының технологиялық процестерін қамтамасыз ету мақсатында "Мұнай тасымалдау" қызметі бағыты үшін көрсетілетін сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер жатқызылуы мүмкін.

Сыртқы өзге пайдаланушыларға "Өзге қызмет" қызметі бағытымен ұсынылатын сыртқы қызметтерге мыналар жатады:

1) жылу қазандықтарымен жылу энергиясын өндіру;

2) электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) бөлу;

3) су шаруашылығы жүйесінің қызметтері;

4) сыртқы тұтынушыларға мұнай тасымалдаушы ұйымдар ұсынатын қызметтердің басқа да түрлері.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының табыстары ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден алынатын шартты табыстардан және сыртқы қызметтер көрсетуден алынатын табыстардан тұрады. Сыртқы қызметтер көрсетуден түсетін табыстар бастапқы құжаттардың деректері бойынша анықталады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтер көлемдеріне және олар бойынша осы қызметтер көрсетілген трансферттік таксаларға сүйене отырып анықталады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының шығындары "Өзге қызмет" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оған қызмет көрсетуге байланысты шығындардан және қызметтің басқа да бағыттарынан алынған ішкі

қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына сыртқы тұтынушыларға қызмет көрсетуге және оны өткізуге байланысты активтер кіреді.

12. Табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттелмейтін қызметтер бойынша қызметтің әрбір бағытының шеңберінде жүргізіледі.

13. Осы Ереженің 10-11-тармақтарында көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызу осы Ереженің 6-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген ұғымдар негізінде мұнай тасымалдаушы ұйымдар дербес жүргізеді.

## 4. Реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құрылымы

14. Реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша табыстарды бөлу бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсетуден алынатын табыстар реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиісті түрлерінің жинақталған көлемдеріне және осы қызметтерге белгіленген бағаларға (тарифтерге) сүйене отырып анықталады.

15. Қызметтер көрсетуден алынатын табыстар бастапқы құжаттар деректерінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша тікелей жатады.

16. Бөлектеп есепке алу мақсаты үшін шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша ескеріледі. Егер сыртқы қызмет көрсету кезінде ішкі қызмет пайдаланылған жағдайда, онда реттеліп көрсетілетін қызмет шығындарының құрамында ішкі қызмет үшін трансферттік төлемдер ескеріледі.

17. "Мұнай тасымалдау" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар "Өзге қызмет" қызметі бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетуге байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

18. "Өзге қызмет" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар "Мұнай тасымалдау" қызметі бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетуге байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

19. Ішкі қызметтер түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда бөлінеді.

20. Қолданысқа енгізілген активтерге қызметтің осы бағытында тікелей қолданысқа енгізілген активтер, сондай-ақ қызметтің басқа бағыттарынан алынған ішкі қызметтер көрсетуде қолданысқа енгізілген активтердің тиісті теңгерімдік құны жатады.

## 5. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін қызметтер түрлері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу тәртібі

21. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсаты үшін шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

22. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің сыртқы қызметтермен тікелей байланысы болған жағдайда өндірілген шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құны осындай сыртқы қызметтерге тікелей жатқызу жүргізіледі, жанама байланыстар болған жағдайда - өндірілген шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер құнын жанама бөлу, бөлу базасының негізінде жүзеге асырылады. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін қызметтерге шығындар мен активтерді бөлу мына кезеңдер бойынша бірізділікпен жүргізіледі (осы Ережеге 2-қосымша):

1) бірінші кезеңде экономикалық ресурстар бойынша шығындар мен активтерді топтастыру оларды тиісінше экономикалық ресурстарға тікелей жатқызу және жанама бөлу жолымен жүргізіледі (экономикалық ресурстарға шығындар мен активтерді бөлу базаларының мысалдары осы Ережеге 3-қосымшада келтірілген);

2) екінші кезеңде шығындар мен активтерді қызметтер көрсетудің тиісінше процестеріне (өндірістік, қызмет көрсетуші, менеджмент) тікелей жатқызу және жанама бөлу экономикалық ресурстардың қызметтер көрсетудің осы процестерімен тікелей және жанама байланыстарын айқындау жолымен жүргізіледі (қызметтер көрсету процестеріне экономикалық ресурстарды бөлу базаларының мысалдары осы Ережеге 4-қосымшада келтірілген);

3) үшінші кезеңде өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсету процестерімен байланысты шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі (өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсететін процестерді бөлу базаларының мысалдары осы Ережеге 5-қосымшада келтірілген);

4) төртінші кезеңде сыртқы қызметтерге және қызмет бағыттарының

элементтеріне өндірістік процестерге байланысты шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі (ішкі және сыртқы қызметтерге және қызмет бағыттарының элементтеріне өндірістік процестерге байланысты шығындар мен активтерді бөлу базаларының мысалдары осы Ережеге 6-қосымшада келтірілген);

5) бесінші кезеңде менеджмент процестеріне байланысты шығындар мен активтерден қызмет бағыттары элементтеріне байланысты бірлескен шығындар мен активтерді бөлу және оларды бөлу базасының негізінде бөлу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезеңде шығындарды тікелей жатқызу және жанама бөлу және қызмет бағыттарымен көрсетілетін ішкі және сыртқы қызметтерге қызмет бағыттары элементтері активтерінің қолданысқа енгізілу дәрежесін айқындау жүргізіледі (қызмет бағыттарының элементтерін қызметтерге бөлудің белгіленген базаларының ең аз тізбесі осы Ережеге 7-қосымшада келтірілген);

7) жетінші кезеңде ішкі қызметтерді тиісінше сыртқы қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді ұсыну кезеңдері бойынша шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді жиынтықтау жүргізіледі (осы Ережеге 8-қосымша);

8) сегізінші кезеңде сыртқы қызметтерге байланысты менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін бөлу базасының негізінде сыртқы қызметтердің тиісті түрлеріне бөлу жүзеге асырылады.

## 6. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы есептер ұсыну тәртібі

23. Бөлектеп есепке алу бойынша есептілікті уәкілетті органға барлық мұнай тасымалдаушы ұйымдар ұсынады.

24. Осы Ережеге сәйкес мұнай тасымалдаушы ұйымдар ұсынатын бөлектеп есепке алу бойынша есептілік өзіне мыналарды қамтиды:

1) экономикалық ресурстардың түрлері бойынша шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу туралы есеп (осы Ережеге 9-қосымша);

2) шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтерді өндіру процестеріне бөлу туралы есеп (осы Ережеге 10-қосымша);

3) өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсететін процестердің шығындары мен активтерін бөлу туралы есеп (осы Ережеге 11-қосымша);

4) сыртқы қызметтер мен қызмет бағыттарының элементтеріне өндірістік процестердің шығындары мен активтерін бөлу туралы есеп (осы Ережеге 12-қосымша);

5) қызмет бағыттарының элементтеріне, сыртқы қызметтерге, қызметтерге байланысты бірлескен және жалпы шығындарға менеджмент процестерінің шығындары мен активтерін бөлу туралы есеп (осы Ережеге 13-қосымша);

6) ішкі және сыртқы қызметтерге қызмет бағыттарының элементтерін бөлу туралы есеп (осы Ережеге 14-қосымша);

7) сыртқы қызметтерге менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін бөлу туралы есеп (осы Ережеге 15-қосымша);

8) сыртқы қызметтерге ішкі және сыртқы қызметтерге байланысты шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы есеп (осы Ережеге 16-қосымша);

9) мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін сыртқы қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін түрлеріне мұнай тасымалдаушы ұйымдар қызметтер көрсетуге байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы есеп (осы Ережеге 17-қосымша);

10) сыртқы қызметтер түрлеріне табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді түпкілікті бөлу туралы есеп (осы Ережеге 18-қосымша);

11) қызмет бағыттары бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу (осы Ережеге 19-қосымша).

25. Осы Ережеге 18-қосымшаның "Табыстар жиыны" жолындағы "Жиыны" бағанында көрсетілген жиынтық деректер "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған табыс" жолында көрсетілген деректерге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 135 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2250 нөмірмен тіркелген) мұнай тасымалдаушы ұйымның табыстары мен шығыстары туралы есебінің "Өзге қызметіне" кіретін қызметтерден алынатын табыстарға сәйкес келуі тиіс.

26. Осы Ережеге 18-қосымшаның "Жиыны" бағанында "Шығындар жиыны" және "Амортизация жиыны" жолдарындағы жиынтық сома "Сатылған өнімнің өзіндік құны" және "Кезең шығыстары" жолдарындағы сомаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 135 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2250 нөмірмен тіркелген) мұнай тасымалдаушы ұйымның табыстары мен шығыстары туралы есебінің "Өзге қызметіне" кіретін қызметтер бойынша шығыстарға сәйкес келуі тиіс.

27. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар есептілікті жылдық негізде есепті жылдан кейінгі жылдың 31 мамырынан кешіктірмей ұсынады.

28. Қағаз арқылы жеткізілетін есептілікке мұнай тасымалдаушы ұйымдардың басшысы және бас бухгалтері қол қояды және мөрмен растайды.

29. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар есептілікті электрондық жеткізгіште және қағаз арқылы уәкілетті органға ұсынады.

30. Электрондық жеткізгіштегі есептілік қағаз арқылы берілген есептілікке сәйкес келуі тиіс.

## 7. Ерекше шарттар

31. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін көрсететін табиғи монополия субъектісі үшін субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерден алатын жылдық жиынтық табыстарындағы табыстардың неғұрлым көп үлесімен табиғи монополия саласының табыстары, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі қолданылады.

Мұнайды және (немесе) мұнай
өнімдерін магистральдық таратушы
құбырлары арқылы тасымалдау
жөнінде қызметтер көрсететін
табиғи монополия субъектілерінің
табыстарды, шығындар мен қолданысқа
енгізілген активтерді бөлектеп
есепке алуды жүргізу ережесіне

1-қосымша

**Мұнай тасымалдаушы ұйымдар қызметінің бағыттары**

```
                          ______________________________
      |                                                        |
  |---| Мұнай  тасымалдау              |-   Сыртқы  қызметтер
               |         |______________________________|
         |                    |                              |
                   |                                      |
                   |                                      |
                   |                                      |
                   |                                      |
                   |      Ішкі       қызметтер
                   |                                      |
                   |                                      |
              |           _____________|_____________
```

```
 |       |                                                |
|---| Өзге қызмет                    |-  Сыртқы қызметтер
                 |_______________________________
 |
```

Мұнайды және (немесе) мұнай
өнімдерін магистральдық таратушы
құбырлары арқылы тасымалдау
жөнінде қызметтер көрсететін
табиғи монополия субъектілерінің
табыстарды, шығындар мен қолданысқа
енгізілген активтерді бөлектеп
есепке алуды жүргізу ережесіне
2-қосымша

**Мұнай тасымалдаушы ұйымның қызметтеріне шығындар мен активтерді бөлу**

```
                  __________           __________
            |            |           |            |
             | Шығындар |            | Активтер |
              |__________|            |__________|
                 |                                |
1-кезең              | Тікелей және жанама |
                 |                                |
                  ____|____________________|_____
            |                                     |
             |             Р е с у р с т а р      |
                |_________________________________|
              |               |                   |
2-кезең         |   Тікелей және жанама           |
              |               |                   |
       _______|____    ____|___________   |______________
       | Өндірістік |_|Қызмет көрсетуші|_| Менеджменттің |
3-кезең| процестер  | |    процестер   | |   процестері  |
        |___________|  |_______________|  |______________|
      |   |                          5-кезең        ||
4-кезең  |   |    Тікелей және жанама       Бірлескен    ||
        |   |_______________________________           ||
      |   _____________                    |           ||
       | |               |  Тікелей    __|__________  ||
        | |Ішкі қызметтер| және жанама  |Қызмет бағыт.|_||
```

| |______________|                | элемент.(НҚ |   |
|          |                  |   топтары)    |   |
|      8-кезең        6-кезең            |        |
__|_________|_____                         |        |
| Сыртқы қызметтер | Тікелей және жанама    |        |
|__________________|                                |
           |                                        |

7-кезең Бірлескен және жалпы

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне

3-қосымша

**Экономикалық ресурстарға шығындар мен активтерді бөлу базаларының мысалдары** [1]

| Шығындар мен активтер | Бөлудің белгіленген базасы | Экономикалық ресурстар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Еңбек ресурстары (персонал) | Күрделі (негізгі құралдар) | | | | | |
| | | | Ғимараттар мен құрылыстар | | Өткізу құрылғылары | | Көлік құралдары | |
| | | | Сорғы | Өзге | Технологиялық таратушы құбырлары | Өзге | Магистральдық таратушы құбырлары | Өзге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Шығындар | | | | | | | | |
| Жалақы | Бастапқы құжаттар | П | х | х | х | х | х | х |
| Еңбекке ақы төлеуден аударым | Еңбекке ақы төлеу | П | х | х | х | х | х | х |
| Отын | Бастапқы құжаттар немесе | х | П, К | П, К | х | х | | П, К |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | норматив-тік көр-сеткіштер | | | | | | x | |
| Құбырлар | Бастапқы құжаттар | x | x | x | П | П | П | x |
| Мате-риалдар | Бастапқы құжаттар | x | П | П | П | П | П | П |

кестенің жалғасы

| Шығындар мен активтер | Экономикалық ресурстар | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Күрделі (негізгі құралдар) | | | | | |
| | Сор-ғылар | Машиналар мен жабдық | | Өзге негізгі құралдар | | Өзге ресур-стар |
| | Сор-ғылар | Жылу алмас-тырғыштар | Өзге | Резер-вуарлар | Өзге | |
| 1 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| Шығындар | | | | | | |
| Жалақы | x | x | x | x | x | x |
| Еңбекке ақы төлеуден аударым | x | x | x | x | x | x |
| Отын | П, К | П, К | П, К | x | x | x |
| Құбырлар | x | x | x | x | x | x |
| Материалдар | П | П | П | П | П | П |

______________________

